

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің №26 Жаңаталап орта мектеб» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау ХАТТАМАСЫ

Жаңаталап ауылы

30.03.2026 жыл

Қатысқандар: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу бойынша комиссия мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ: №26 Жаңаталап орта мектебінің директоры Абдумамынов Нуржан Адилханович сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Мектеп директоры Абдумамынов Нуржан Адилханович Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің №26 Жаңаталап орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың 19 ақпаны мен 19 наурыз аралығында 2025 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің №26 Жаңаталап орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ешпалдыққан лауазымдарды айқындау;

